

«Әке көрген-оқ жонар»

Әр отбасында әкенің орны ерекше. Әке - отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез - құлқы, өзгелермен қарым - қатынасы, өнері мен білімі өзіме үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанам.

Отбасының береке, ынтымағы үшін әкемнің өділ, ұстамды болуы мен үшін орасан маңызға ие. Отбасымыздың ұйытқысы, берекесі, мейір - шапағат көзі - менің әкем еді. Асқар таудай әкемнің ізін жалғастыру мақсатында мен де мұғалімдік мамандығын таңдадым. Әкемнің өміріне қысқаша тоқтала кетейін. Менің әкем «Ұлы Отан соғысының ардагері»

Ұлағатты ұстаз, Нұрматов Иманбек

(01.01.1913-13.09.1979 ж.ж.)

Нұрматов Иманбек 1- қаңтар 1913 жылы бұрынғы «Жұма» ауыл округі, қазіргі «Жігерген» ауыл округіне қарасты «Тесік төбе» елді мекенінде дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті сол арадағы «Молотов» мектебінде бітірген.

Одан соң Ташкент қаласында мұғалімдер даярлайтын арнайы оқу орнын жоғары дәрежеде оқып, оқу барысында бірнеше жасаған жұмыстарымен көзе түсіп, «Үлгілі ұстаз болуға лайықты» деген марапаттармен бітірген.

Мамандығы - географ, физик.

1941-1946 жылдары Ұлы Отан соғысында Ленинград, Москва, Киев майдандарындағы ұрыстарға қатысқан.

1946 жылы соғыстан оралған соң отбасын құрып, сонымен қатар өмірінің соңына дейін ұстаздық жолын қуған.

Әкеміз Иманбек Нұрматовтың атқарған қызметтеріне оралатын болсақ:

1946 жылы Ұлы Отан соғысынан оралған соң, 1946 жылдың 15 наурызында №38 бұйрықпен «Молотов» атындағы жеті жылдық мектебіне география, физика пәндерінің мұғалімі етіп қабылданған.

1948-1950 жылдары «Ұя» ауыл округіне қарасты жеті жылдық мектебіне ауысып, география, физика және математика пәндерінен дәріс берген. Осы жылдар аралығында еткен ерен еңбектері үшін бірнеше рет аудандық, облыстық оқу бөлімдерінің грамоталарымен марапатталған.

1948-1952 жылдар аралығында жазғы кезеңдерде мұғалімдікпен қоса колхозда ферма меңгерушісі қызметін атқарған.

Әкеміз Иманбек Нұрматовтың жеке өміріне тоқталсақ: Ұлан Құлжанқызы анамызбен 1946 жылы отбасын құрып, өмірге 6- ұл, 3-қыз әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіріп, бөріне үлгілі отбасы болған.

Міне «Әке көрген - оқ жонар, ана көрген - тон пішер» - деген осы шығар.

Бірнеше жылдан бері әкемнің ізін жалғап, осы «Шақпақ» негізгі орта мектебінде педагог-психолог мамандығы бойынша қызмет етіп келемін.

Педагог- психологтың білім беру жүйесіндегі қызметі қазіргі уақытта жаңа үлгідегі білім беру ортасында оның сапасын арттыру қажеттілігімен айқындалатын елеулі өзгерістерге ұшырауда. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметке деген елеулі сұраныс артуда. Қазіргі өскелең ұрпақтың интеллектуалдық және тұлғалық өлеуетін дамытып, болашақ өмірге саналы, білімді өмірге құштар бала тәрбиелеу мақсатында қолға алынуда. Бүгінгі таңда білім берудегі психолог жұмысының маңыздылығы артып келеді.

Оқушылардың білімге ынтыласын арттыру және бір - бірімен жақсы білім алмасу мақсатында: «Оқушылар арасында жағымды қарым - қатынасты нығайту» - тақырыбында, іс - шара өтті. Онда 7-8-9 сынып оқушылары 3-топқа бірігіп топтық жұмыс жасады. Сонымен қатар түрлі ситуациялық сұрақтарға жауап берді, және бойындағы агрессивті шығару мақсатында қызықты тренингтер ұйымдастырдым. Өте керемет қызықты өтті.

Қорытындылай келе, адамға өз мамандығы - қуаныш пен қанағат, бақыт пен шаттық әкелу үшін әр маман иесі үнемі жеке және кәсіби дамуы маңызды.

Нұрматов Нұрлыбек Иманбекұлы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жігерген ауыл әкімшілігіне қарасты «Шақпақ» негізгі орта мектебінің педагог-психолог мұғалімі

